

*Секта және олардың түрлері.*

*Секта-бір діни ағымдарға бағытталған оппозициялық ағым; сонымен қатар, ол белгілі бір әлеуметтік топтардың әлеуметтік наразылығын мағыналайды.*

*Секта- беймаза күйдегі адамның әлеуметтік қауіпті ортада адасуы. Сектаның тармағы көп.*

---



Бүгінгі таңдағы танымалы 3 қауіпті секталар:

- діни ағымдағы
- сауда-саттық сектасы
- магиялық секта

Әлеуметтанушылар әлі күнге дейін «секта» сөзінің анықтамасын таба алмай келеді. Кейбір теолог ғалымдар оны Жазмыштан үзіліп алынған немесе кеңінен таралып мойындалмаған діни топ ретінде таниды. «Секта» сөзі бүгінгі күнде көбінесе «өлім» сөзінің синонимі ретінде қолданылады. Әлемдегі ең қауіпті 9 сектаның тізімі ұсынып отырмыз.



1. *Сатья Саи Баба сектасы.*
2. *«Храм Народов (Халықтар шіркеуі) сектасы.*
3. *«Аум Синрике» -сектасы.*
4. *«Врата рая» сектасы.*
5. *Мэнсон сектасы.*
6. *Бхагавана Шри Раджниш (Ошо) сектасы.*
7. *«Орден Храма Солнца» сектасы.*
8. *Raeliano сектасы.*
9. *Но-но-Напа сектасы.*

*1. Сатъя Саи Баба сектасы. Сатъя Саи Баба сөзі санскрит тілінен аударғанда «шынайы ана мен әке» деуге болады, ол 1926 жылы Үндістанның оңтүстігіндегі ауылда туған. Саи Бабаның айтуы бойынша ол 14 жасында комаға жақын жағдайды басынан өткерген. Екі ай бойы оны қатты аурулар мазалап ол есінен жиі танып қалатын. Осы біртүрлі аурудан кейін «оның парапсихологиялық қабілеттері өсіп кеңейді» және Саи Баба өзін тірі құдай, Шива құбылысы болып есептеліп Ширдилік әйгілі үндістандық «әулие» және таңқаларлық іс жасаушы Шри Саи Бабаның басқа түрі менмін деп жариялады.*



2. «Храм Народов» (Халықтар шіркеуі) сектасы. Секта Гайанада пайда болған және әлемдегі ең қауіпті секта деп танылған. 1978 жылы 18 –ші қарашада Гайана джунглилерінде АҚШ-ның мыңға тарта адамы өзін-өзі өлтірген. Сектаны қайсыбір уағыздаушы Джим Джонс құрған, ол ұрып-соғу, қоқан-лоқы көрсету, балағаттау арқылы сөзсіз бағынуға мәжбүр еткен. Куәгерлердің еске алуы бойынша, оның уағыздары көбінесе саяси жиналыстарға ұқсас болған. Өзінің бір қызметінде Джонс артында ілініп тұрған американың туына қарады, оған жұдырығын түйіп: «Нәсілшілдер, әуестенушілер, империалистермен куклуксклановтықтар ұлты, тұра тұрыңдар! Жасаған қастықтарың үшін есептесетін сендердің сағаттарың да келеді!» деді. Джонс бөлек бір ауылда «бірлескен социализм» құрды. Олар өздерінің коммуналарын ресми деректерде Бұл ««Халықтар Шіркеуі» ауылиаруашылық және медициналық бірлестік» деп атады. Ауылдың бір көшесі Ленин атымен аталды, ал таңертең Джонстауынды ояту ретінде динамиктерде Совет Одағының әнұраны ойнатылды. Қазірге дейін осы ауыл тұрғындарының өлімінің себебі туралы анық мәліметтер жоқ.

*3. «Аум Синрике» -секта Жапонияда пайда болған. Кейбір елдерде оның қызметіне тыйым салынса да, кейбір жекелеген топтары ТМД-да өмір сүріп жатыр. Аум Синрике ілімі көп ретте буддизм мәтінінің негізінде іргесі қаланған, олар негізінде өздерінде буддизм мен иоганың дүниетанымының қауіпті өспасы ретінде танылған. Секта жетекшісі –Секо Асахара Ресейге бірнеше рет келіп саяси және діни қайраткерлермен кездесті. Аум Синрике Жапонияда теракт, оның ішінде нәтижесінде 12 адам қайтыс болған Токио метросындағы сияқты бірнеше теракт дайындады. Сот Асахарануды 17 айыптаудың 13-і бойынша кінәлі деп тапты және 2004 жылы өлім жазасына кесті.*

4.«Врата рая» (Жұмақ қақпасы-Heaven's Gate)-1975 жылы АҚШ-та Маршалл Эпплуайт және Бонни Неттлз негізін салған. 1997 жылы Эпплуайт жердің Хейла-Бопп кометасымен соқтығысуынан қаша алмайтын себепті өзінің сектасының 39 ізбасарын өзін-өзі өлтіруіне көндірді.

*5. Мэнсон сектасы. Өзін пайғамбар деп сезінген, манияға берілген бір адам ақ пен қара нәсіл арасында соғыс жариялайды. Чарльз Мэнсон 1969 жылы бірнеше адамды өлтіргені, оның ішінде режиссер Роман Поланскидің жұбайы актриса Шэрон Тейтті өлтіргені үшін жазаға тартылды. Үкім бойынша ол газ камерасында азапталып өлтірілуі керек еді, бірақ 1977 жылы Калифорнияның жоғарғы соты өлім жазасы конституциялық емес деп таныды, сондықтан оны өмір бақи бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырды. Былтырғы жылы оның мерзімнен бұрын босауы туралы өтінішінен бас тартты.*

*6. Бхагавана Шри Раджниш (Ошо) сектасы. 1966 жылы Раджниш университетті тастап джайнизмнен, тантризмнен, дзен-буддизмнен, дауосизмнен, суфизмнен, психоанализмнен және т.б. үзінді болып табылатын осылардың қоспасынан тұратын өзінің ілімдерін уағыздай бастады. Раджништің «діннің» басты ереже постулатында: «Құдайды сүй, және өзіңнің қалағаныңды істе» деп айтылған. Ең көп тараған жері АҚШ. Раджништің тап өзі 1984 жылы Далласта жүздеген адамдарды сальмонелл бактериясының көмегімен уландырған деген болжам бар. АҚШ-нан жер аударылған соң Раджниш өзінің ізін жалғастырушылар бар жерге тоқтағысы келді, бірақ 21 ел оған не еліне кіруге тыйым салды, не Греция сияқты ешқандай түсініктемесіз елдерінен қуып шығарды. Қазір әлемде 200 –ге тарта Ошо медитациондық орталығы бар деп есептеледі. Олар бұрынғы Совет Одағының территориясы болып саналған Петерборда, Воронежде, Одессада, Краснодарда, Минскіде, Тбилисиде, Рига мен Мәскеуде әлі де өмір сүріп жатыр.*



7. «Орден Храма Солнца» (Күн Шіркеуінің Ордені) – кейбір БАҚ-ы, мысалы «Совершенно секретно» газеті оның қызмет ету аясы Ресей территориясы екенін ашып көрсетті. 1984 жылы неонацист, Бельгиялық Люк Жур негізін қалаған. Ғылымға сәйкес астрология, алхимия, мистика, иога мен кабалистика қоспасы ретіндегі Жер апокалипске қайтымсыз түрде жақындап келеді. Бірақ, өлім деген мүлде жоқ, ол жай бұлыңғыр сағымнан басқа ештеңе де емес. 1995 жылы 22-желтоқсанда Францияның Альпілерінде, Греноблден қашық емес жерде «Орден Храма Солнцeniң» (Күн Шіркеуі Орденінің) 16 жақтаушысының, оның ішінде 3 кішкентай балалардың жаппай өзін-өзі жағу салты болды. Кейбір құрбан болғандар басына атып өлтіріліп, содан кейін барып отқа орануға берілді.

*8. Raeliano сектасы-Францияда өткен ғасырдың 70 жылдарда пайда болды. Негізін салушы-бұрынғы спорт шалушысы, Рээль ретінде кеңінен танылған Клод Ворильтон, ол 1973 жылдың 13 желтоқсанында Францияның орталығындағы сөнген жанартау шұңқырында басқа планеталармен кездесті, олардың біреуі өзін Құдай (Elohim) деп атады. Elohim оған жердегі өмірді басқа планетарлықтар гендік инженерия, соның ішінде клодаудың көмегімен жасағанын айтқан. Рээль өз сектасына адамдарды мәңгілік өмірді уәде етіп шақырады. Ол сол құпияның иегері ретінде танылды. Осы «шіркеудің» өзін жалғастырушылардың бірі 2003 жылы БАҚ-да әлемдегі бірінші клон болып табыламыз деп үндеу тастады.*





*9.Но-но-Напа («гүл ілімі»)-жапондық необуддистіксекта. 1987 жылы негізі қаланған. «Оқытушы» Хоген Фукунага магиялық қабілеттілігі бар адам болып адамның өткені мен келешегін олардың аяқтарына қарап оқып бере алады. Сектаның жоғарыдағылары күштеп қорқытумен айналысты, олар: қатерлі ісік (рак) немесе басқа да өлімге душар ететін ауруларды алдын-ала болжайтын, ол адамдардың 1 рет қабылдауы 900 \$ тұратын арнаулы тазалау шараларына қатысуға мәжбүрледі. Алаяқтығы үшін айыптағаннан кейін Фукунага сотқа тартылып үкім бойынша 1 млн. \$ жуық айып төледі. Секта осы жолды ұстаушыларды басқа атпен Yorokobi Kazoku no Wa ұжымдастырып отыр.*

*Бүлдіргіш секталарға түскен адамдардың тарихы - бұл әрқашан қайғы мен мұң тарихы. Қысқа мерзімде адамнан барлығын сіңіріп алып, оны бос сауыт секілді жаңа құрамға толтырады. Адамның ойы толығымен психологиялық манипуляцияның ықпалымен өзгереді. Секталық тәуелділіктің алкоголь немесе есірткі секілді белгілері мен қырлары болады. Секталық ағымның қаупі - секта толығымен адамды шынайы өмірден ажыратып, тек діни табынушылыққа баурап алады. Ол туыстары мен жақындарына немқұрайлы болып та кетеді. Жұмысына, достарына, оқуына, отбасы, күнделікті өміріне қызығушылығы жойылып, секта адамды әлеуметтік тұрғыда жарамсыз етіп, кейде тіпті қауіп келтіретіндей жасайды.*

*Назарларыңызға  
рахмет!!!*